


«Келісімді»
МКҚК «№2 бөбекжайы»
Әдіскері Темирова Н.П.



«Бекітемін»
МКҚК «№2 бөбекжайы»
Басшы: Сенчило О.Н.



2024 – 2025 оқу жылына арналған
Үйірме жұмысының жоспары «Тыңда, көрсет қайтала»
«Солнышко» тобы 4 жас.

План кружковой работы группа «Солнышко»
«Тыңда, көрсет қайтала» группа дети 4х лет
на 2024 – 2025 учебный год.

Қазақ тілі мұғалімі: Кажмуратова Б.А.

Міндеттері: Кішкентай адамның жүрегі жұмсақ, адамдарға сенгіш келеді. Ол өз тәрбиешісіне шынайы беріліп, оның қимылы мен істеген істеріне қызығып, соларды қайталап өседі. Сондықтан біз алдымыздағы балапандарға жақсы сөз айтып, жақсы іс көрсетіп, жақсы салт-дәстүрмен балаларды таныстырып үйретіп келешек еліміздің ұрпағы да заман талабына сай білімді де білікті болып өседі.

Реті	Тақырыбы	Міндеттері	Ойындар
Қыркүйек	Сәлем - сөздің анасы. Мынау кім? Мынау не? Ойыншықтар	Балаларды қазақша амандасып, «Мынау кім?», «Мынау не?» деген сұрақтарына жауап беруге және ұл, қыз сөздерін дұрыс айтуға үйрету. Достыққа тәрбиелеу. Ойыншықтарын күту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <i>Доп, қуыршақ, машина</i> сөздерін үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	«Танысу», «Тыңда, көрсет, қайтала», «Сұрақ -жауап», «Суреттер сөйлейді»,
Қазан	Балабақша Отбасы	Балаларға балабақша туралы түсінік беру. <i>Балабақша, топ, үстел, орындық</i> сөздерін дұрыс айтуға, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету. Балабақшасын мактан етуге баулу. Тіл байлықтарын дамыту, <i>отбасы, аже, ана</i> сөздерін үйрену. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	«Сұрақ -жауап», «Есінде сақта», «Қайсысы қайда орналасады?», «Тыңда, көрсет, қайтала». «Ғажайып қоржын», «Суреттер сөйлейді».
Қараша	Күз Киім Дене мүшелері	Балаларға күз туралы түсінік беру. <i>Күз, жаңбыр, алма, жапырақ</i> сөздерін дұрыс айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларға киімдердің қазақша аталуын үйрету, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Балаларға дене мүшелерінің қазақша атауларын үйрету. Тіл мәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа тәрбиелеу.	«Қолшатыр», «Суреттер сөйлейді», «Суреттерді жина». «Сенде не бар?», «Сұрақ - жауап», «Киім дүкені». «Не көріп тұрсың?», «Мұрын, мұрын, мұрын...», «Мен бастаймын, сен қолта».

Желтоқсан	Үй жануарлары	Үй жануарларының қазақша аттарын атап үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	«Даусынан таны», «Ит пен мысық», «Мен бастаймын, сен қошта». «Бұл қандай аң?», «Сұрақ - жауап»,
Қаңтар	Жабайы жануарлар	Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Түлкі, қоян, аю сөздерін үйрету. Адамгершілікке тәрбиелеу.	«Жанды ойыншық» «Ерте, ерте, ертеде...»
Ақпан	Қыс Азық-түлік	Жыл мезгілі қыс туралы түсінік беру. Қыс, қар, аққала, шана сөздерін үйрету, тіл байлықтарын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Тағамдардың аттарын қазақша атап, күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту	«Бұл қай мезгіл?», «Ғажайып қоржын», «Аудармасын айт». «Қайталамақ, «Дәмді ойын», «Мұрын, мұрын, мұрын...»
Наурыз	Көктем Үй құстары	Жыл мезгілі, көктем туралы түсінік беру. Көктем, жылы, ағаш, жаңбыр, қолшатыр сөздерін дұрыс айтуды үйрету, сөздік қорларын толықтыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балаларға үй құстары туралы түсінік беру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үй құстары, тауық, әтеш, балапан сөздерін дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қорларын толықтыру.	«Суреттер сөйлейді», «Дәмді ойын», «Қолшатыр» «Ұшты, ұшты», «Ғажайып қоржын», «Мен бастаймын, сен қошта».
Сәуір	Ыдыс-аяқ Түстер Жаз	Балаларға ыдыс-аяқтың қазақша аталуын үйрету. Үлкен, кішкентай ұғымын қайталау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түстер туралы, қазақша атауларын айтып, күнделікті қолдануға үйрету. Тіл байлықтарын дамыту. Балаларға жаз мезгілі туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді, қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	«Сұрақ - жауап», «Тында, көрсет, қайтала», «Үлкен бе, кішкентай ма?» «Кемпіркосақ түстері», «Суреттерді құрастыру».
Мамыр	Санамақ (қуырмаш) Жыл мезгілдері (қайталау)	Балаларға санамақтар үйрету. Бір және көп ұғымымен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу. Сөздік қорын байыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	«Сан сөз - Әтеш». «Ғажайып қоржын», «Сұрақ-жауап». «Бұл қай мезгіл?», «Жыл мезгілдері» БӨШҚД(ТРИЗ).